

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## АБАЙДЫҢ БЕЛГІСІЗ ӘҢГІМЕСІ

Қазақтың қасиетін тану Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом түлға. Абай бігі – халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген занғар. Университет қабыргасында дәрісін тыңдал жүрген кезімізде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің өзінің: «Мениң тілімде Абай тілінің мәдениеті бар», – деп балаша мақтанғаны көкейде қалыпты. Ол кезде «Абайтану» дейтін арнайы курс бар еді, «Абайтану» аталатын өрісті ғылым бар еді. Мұхан дүниеден көшкелі отыз жылға ойысты. Мәдениеттің, өнердің, ғылымның барлық саласында бірдей өскенімізге күмән жоқ. Бірақ ұлы шәқірт – ұлы ұстаз негізденген ғылымының «тануы» кетіп, Абайы ғана қалыпты. Арамыздан «соның өзі қалай...» дейтіндер де табылатын сияқты. Бұл, сыпайылап айтсақ, баяғы «итке темір не керектің» кері. «Тенізден таудай толқын соқса-дағы, Жағадағы жартасты жыға алмайды», – деп еді хакім Абай. Уақыт дауылы, замана толқыны, сілкініс пен дүрлігіс, төңкеріс пен апат – ғаламдағы ешбір хикмет тұғырынан қозғай алмайтын алыштар болады десек, қазақ мәдениетінің тарихындағы мызғымас тұлғалар – Абай мен Ахмет. Аханың өзгеше қызметін, біздің халықтың өткен тағдыр-талайындағы ғана емес, бүгінгі жеткен болмыс-бітісіндегі биік тұрғысын әлі бағамдап болғамыз жоқ, бұл – алпыс жылғы темір қапастан соң түсінікті де жағдай. Ал Абай... Абайды да танып-білуіміз кеміс жатыр. Көлденең себептерден, ықылас-ниеттің аздығынан емес, өреміз жетпегеннен. Бұл – ең алдымен елдің зияллылары санатындағы, тіпті қалам ұсташа көсібіндегі ағайындарға – бәрімізге қатысты сөз. Абай толық танылған жоқ. «Әдебиетші қауым үшін сын емес, мін. Соның бір көрінісі – Абай прозасы төңрегіндегі ұғым-талғамымыз. Абайдың ұлы реформатор ақын ғана емес, қазақ прозасын негіздеушілердің бірі екендігі, тіпті әдебиет оқулықтарының өзінде ескеріле бермейді.

Осы орайда, казақ прозасының туып, қалыптасу тарихындағы көп күнгірттің бетін ашатын, әрі ұлты классигіміздің қымбат мұрасын молықтыра түсетін соны дерекке назар аударған едік: Шәкөрім алғаш акталған кезде жазылған бір мақаламызда («Жұлдыз», N 8, 1988), одан соң Шәкөрімнің «Жолсыз жаза» атты жинағына («Жалын» баспасы, 1988) берілген алғы сөзде Абайдың өзінің көзі тірісінде баспасөзде жарияланған, осы уақытқа дейін елеусіз қалып келген бір әңгімесін атап көрсөттік. Көп ұзамай, аталмыш әңгіменің тексті де жарыққа шықты («Жұлдыз», N1, 1989). Халқымыз үшін қуаныш болар, бәлкім, әдебиетші қауымның әр түрлі пікірін туғызар деп ойлаған едік. Тысыр еткен дыбыс жоқ. Тым-тырыс. Жаңғырық... жаңғырық шықты. Әңгіме сол бұрынғы қалпында, яғни, кімдікі екені белгісіз күйінде «Дала уәләятының газеті» атты үлкен топтама құрамында қайыра басылыпты. Мұндай кітаптың дайындалуы – өте күрделі іс, ал халық алдына жетуі – игілікті оқиға. Жинақтың мәні, құны жөніндегі әңгіме бір басқа. Біз бұл арада Абайдың аталмыш әңгімесінің сол иесіз қалпында берілуіне ғана таңырқап отырмыз. Біздің Ғылым академиясындағы ағайындардың сөз ынғайына (дәлірек айтсақ, мұлде үнсіз отыруына) қарағанда, бұл әңгіме ұлты ақынның кезекті кітабы басылғанда да қаперге ілінбей қалатын төрізді. Сондықтан, «Дала уәләятының газетінде» бұдан жұз жыл бұрын (1892, N29, 31-32, 34-40) жарияланған «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты хикаяның авторы кім деген мәселеге арнайы тоқталуға тұра келіп отыр.

Алдымен ескерте кетейік, аталмыш хикая әдебиет тарихында мұлде белгісіз дүние емес. Бұл шығарманың авторы туралы да сөз айтылған. Бірақ Абай есімі аталмады. Шәкөрім туындысы деп шамаланады. Басты дәлел – хикаяның бақытсыз ғашықтар Еңлік – Кебек пен Қалқаман – Мамыр тағдырына арналуы. Шәкөрімнің аты жалада жүрген кездің өзінде оның дәл осы тақырыпқа жазылған, халық арасына кеңінен тараған поэмалары барын ешкім теріске шығара алмайтын еді... Бұған қосымша дәлел – әңгіме авторының лақап аты. Байыптап қарағанда, бұл екі жағдай да шығарманы кім жазғанын нақтылауға негіз бола

алмайтынына көз жетеді. Аңыздық немесе деректі бір сюжеттің әлденеше қalamгер назарына ілінуі – әдебиет тарихында жиі кездесетін құбылыс. Оның үстіне, Абайдың өз шәкірттеріне кейбір тақырыптар төнірегінде арнайы тапсырма беріп отырғаны, ал Ендік – Кебек оқиғасын жазуды Шәкерімге міндеттегені белгілі. Екіншіден, «Дала уәлаятының газетіндегі» әңгімелеге қол қойған – «Ұмытылған», яғни – «талаптанушы», «ізденуші» болса, Шәкерім де өз өмірінің соңғы кезеңіндегі біраз шығармасына «Ұмытылған», яғни «естен шыққан», «ескерусіз қалған» (дәлірек айтсақ, «Мұтылған») деп қол қояды. Араб жазуының кілтипланы көп, әңгіме авторы – «Ұмытылған» болған күннің өзінде, бұл – 1892 жылы отыз төрт жасқа жаңа шыққан Шәкерімнен ғері, сөз өнерінің асқар биігіне жеткен, алайда «қалың елі – казағына» әлі таныла алмай, тар қапаста күніреніп отырған Абайға көбірек үйлеседі. Әйткенмен, әзірше екеуін тен ұстайық. Мұмкін, әңгіме авторы Шәкерім де, Абай да емес, мулде басқа біреу шығар? Жоқ. Үстірт қарағанның өзінде хикая авторы – Шыңғыстау қазағы екеніне күмән қалмайды.

Негізінен баяндау үлгісімен жазылған көлемді хикаяны шартты түрде үш бөлімге жіктеуге болады: бірінші – Шыңғыстау өнірінің тарихи-этнографиялық сыпаттамасы, екінші – Еңлік – Кебек оқиғасы, үшінші – Қалқаман-Мамыр оқиғасы; хикая авторордың өз заманына көзқарасынан елес беретін және болашақта жазбак, осыған жалғас еңбегінің мазмұнына нұсқаған сөздермен қорытындыланады.

Әңгіменің әлхамында «қазақтың кәрі шалдарының» өткен және осы заманға көзқарасы байыпталады. «Солардың айтуларыниша, қазақтың жүріп-тұру шаруасы бұрынғы заманда осы күнгіден артық екен. Мәзікүр бишара шалдар өздерінің балаларына, ұрапқартарына қасіреттеніп айтып отырады: «Осы күнде білімді, ғылымды халықтармен араласқан соң, қазақ халқы бұзылды және күн де бір түрлі болды – қыс қатты болатын болды, бұрынғы заманда мұндай емес еді», – деп». Бұдан ары жазушы осы негіздегі түйінді мәселелерді нақты талдай отырып, заман және экология, география мен тарих төнірегінде кенес қозғайды.

Бұл ретте біз автордың үлкен ойшыл ғана емес, жай ғана ғұлама емес, европалық білімді еркін игерген оқымысты екенін көреміз.

«Адамның бір ғадеті – бұрынғы өткен уақытты онша мақтағандай болмаса да мақтау», – дейді автор. Сөйті тұра қариялардың сөзін түгелімен теріске шығармайды. Ендеше ауа райы неге бұзылды? «Бұрынғы заманда тауларда орман көп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды екен»... Ал орман-тоғайдың қырқылуы, от пен судың азаюы, жердің тозуы – адамның табиғатқа кері әсерінің нәтижесі. Және бұл – тоқтаған, тұйықталған процесс емес. Әлі жүріп жатыр. Яғни хикая авторы біз енді ғана сөз етіп, қолға алып отырган экология мәселесі туралы өткен ғасырдың өзінде-ақ дабыл көтеріпті. Бұл, эрине, көзбен көріп, көнілге тую негізінде ғана жасалған қорытынды емес, батыс ғылымымен жақсы таныстырылған нәтижесі.

Экологияға жалғас екінші мәселе географиялық ортаға қатысты. Бұрынғы заманда қазақтардың атамекен қонысы сулы, нулы, шұрайлы болған, шаруашылыққа қолайлы екен. Енді жер азған, «қырда бұрынғыдай орманды, жақсы жерлер жоқ». «Бұрынғы өзен-бұлактар тартылған соң, бірдеме қылып құдық қазған болысады, көбінесе сулары ашы болады». Ал қазақтар үздіксіз соғыстарда дұшпаннан аруағы асып, қорғап қалған кең байтақ дала сол ескі күндерде қайнаған өмір ордасы болған. Оған дәлел – «бұрыннан қалған сымтастар, қорғандар»...

Бұдан соң автор, сөз ыңғайына қарағанда, ел аузынан естіген, сонымен қатар, батыс пен шығыс тарихынан оқып білген деректеріне жүгінеді. Ол – Шыңғыс ханның қазақ жеріне келу жайы, хан көтерілуі. Шыңғыстау өнірінің тарихы, мұндағы көптеген топонимдер атақты ханға, оның қолбасы батырларының есімдеріне тікелей қатысты екені айғақталады.

Осы өлкенің, осы мекендердің Шыңғыс хан дәуірінен соңғы, бірақ өз заманынан көп бұрынғы ахуалы, мінез-құлық, дәстүр-салты туралы әңгімеге ауыса келе, автор хикаяның негізгі бөлігіне көшеді. Ол – ел есінен кетпей жүрген Еңлік-Кебек әңгімесі. Автор бақытсыз ғашықтар туралы халық жадында сақталған

көне хикаяны ешбір оқиғасын өзгертпей, қаз қалпында баяндаған сияқты. Бірақ бұл – қарадүрсін жазба емес, аса көркем жасалған, озық мәдениетті проза үлгісі. Әңгімегі трагедиялық ситуация, шиеленіскең драма, терен психологиям – тәжірибелі де шебер, әрі шығыстың дәстүрлі прозасы мен батыстың жаңа әдебиетін еркін итерген білімдарға ғана тән қалам таңбасын танытады. Осыған орай, сенімді қолмен сыйылған рен-бояу, бедерлі суреттер мен өзгеше ірімдер – толыққанды реализм нәтижесі. Әңгіменің өз заманынан озық, тіпті, қазіргіге де үлгі болар бір сипаты осында.

Біз шартты түрде хикаяның үшінші бөлімі деп отырған Қалқаман – Мамыр оқиғасы өте қысқа, шағын акпар түрінде беріледі. Автор бұл әңгімені өткен заманың рәсім-салтын, мінез-құлқын нақты танытатын деректі, иллюстрациялық материал ретінде пайдаланған.

Енді осы бөліктің фабулалық ерекшеліктерін қарастыралық.

Қалқаман-Мамыр оқиғасы көпке белгілі поэмадан мүлде өзгеше сипатта. Біріншіден, бұл оқиға Кенгіrbай заманында, әрі Еңлік-Кебек трагедиясынан көп кейін болады. Қалқаман – Кенгіrbайдың өзінің ағайыны. Мамырдың аты аталмайды, Қалқаман әйтеуір бір қызды алып қашады. Бар шатақ жесір дауынан туындастын сияқты. Кенгіrbай екі ел арасындағы барымтаны тоқтату үшін «Қалқаманды» атқа мінгізіп қойып, дүшпандарынан бір мерген» шығарып атуға бұйырады. Оқ тимей, аман қалған Қалқаман ағайындарына өкпелеп, Бұхараға кетіп қалады. Қыз тағдыры туралы ешқандай дерек жоқ. Автор Қалқаман жөніндегі ел әңгімесін шала білді, немесе саналы түрде бұрмалады деп айтуға кын. Аңыздың кейір нұсқаларында Қалқаман – Мамыр оқиғасы Еңлік – Кебек оқиғасынан сәл ғана бұрын, бірақ Сыр бойында емес, Баян-Ауыл төңірегінде болады. Яғни біз сөз етіп отырған әңгімede Қалқаман оқиғасы толық болмаса да (қыз бен жігіттің ағайындастыры турали деректі автордың бүтіп қалуы занды) әуелгі, шындық қалпына жакын үлгіде мазмұндалатын сияқты. Сонымен қатар, бұл – кездейсоқ, бөгде епизод емес. Дербес жүк арқаламағанымен, алдыңғы трагедияны бедерлей түсу, оған үстеме рен беру үшін енгізілген көрініс.

Еңлік – Кебек оқиғасы да негізгі тұрғыларында ел әңгімесінің нақпа-нақ таңбаланған көрінісі деп білуге тиіспіз. Өмірлік, әдеби-фольклорлық діні ортақ болған себепті, фабулалық өзегі кейінгі поэмамен нақпа-нақ келіп жатуы заңды. Бірақ бұл – екі туынды бір адамның қолынан шықты деген қорытындыға негіз бермесе керек (Мұхтар Әуезовтің әйгілі трагедиясы да қалыптасқан сораптан ауытқымайдығо). Сондай-ақ, біз талдап отырған хикаядағы Қалқаман, Еңлік-Кебек оқиғаларының әйгілі поэмалар желісінен айырым белгілері де бұлардың авторы бөлек деп айтуда дәлел бола алмайды. Өйткені өмірлік материал әр қылыш екшесуден өтеді, тіпті нақты бір автордың нақты бір шығармасының өзінде әуелгі және соңғы нұсқалардың арасында түбегейлі айырмашылықтар ұшырасуы мүмкін. Сондықтан біз бұл мәселені автордың даралық тұлғасы, дүниетанымы, қаламгерлік тұрпаты, білім-таным дәрежесі, жазу машины тұрғысынан қарастыруымыз керек.

Хикая авторының өз заманынан озған білімдарлығы туралы айттық. 1892 жыл қарсанында тек Шыңғыстау өнірі ғана емес, бүкіл қазақ даласында мұндай өреге жеткен жалғыз Абай болатын. Шәкерімнің әлі жас, таланты толысса да, білімі толықпазан, батысты тануға енді ғана бет қойған, негізінен шығыс әдебиетіне үніліп жүрген кезі. Тарих, социология, экология, этнография – адам қоғамының даму заңдылығы туралы толғамдар – бұл кезенде Абай бойына ғана шақтасар сыпат.

Халық кешкен жол, көне ғасырлар келбеті туралы айтсақ, хикая авторы өткен күнді дәріптемегенімен, оны ел тарихындағы бұла дәуір, өзгеше кезең деп біледі, қatal заңдарын айыптай тұра, бағзы заман бойынан, халық тұрмысы, оның салт-дәстүрлерінен көптеген қасиет табады. «...Шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта... халық ғаділетті, құлық-сүмдық жоқ екен. Халықтың рәсім-гадеттері бұзылмай орнына келіп тұрады екен, халықтың мінезі ақпейіл, мейлінше табиғатты екен...» Бұл – қарлтардың әңгімессін қайыра байыптау ғана емес, белгілі мөлшерде жазушының төл пікірі.

Хикая авторының өз көзқарасын тікелей айтатын, өткенді бүгінгімен шенdestіре отыра, халық қасиетін ашуға ұмтылатын

тұстары да бар. «Бұрынғы уақытта халықта батырлардың құрметті екені белгілі. Себебі, бұрын батырлар әрдайым халықты қайрат қылады екен һәм жай уақытта халық арасында ғаділләтті, хүкімші де екен. Батырлар халықтың пайдасын тастап, өз пайдасы үшін кимылдамайды екен». «Нысан... қобызымен ойнағанда... тындағандардың көздеріне жас келіп отырады екен. Бұл күнде олардай қобызшы жок. Бұрынғы қобызшылар қайда, есіткен кісілерді ерітіп жіберуші еди. Қазактардың бақсылары бұрынғыдан қалған бір мұрасы, сонда да бұрынғыдан жағдай емес».

Батырға, бақсыға, заман адамына көзқарас осындай болғанда, сол кездегі ел ұстаған билер басқаша сыппатта бейнеленеді. Мәселен Қенгіrbай – «халық оған ауып кетеді» деп, яғни түптің-тубіндес билікті алмаса да, хүкіміне тежеу салар деген қауіппен Кебектен құтылуға тырысады (Кейінгі интерпретацияда Қенгіrbайдың пара алуы – замана кейіпі, образ табиғатымен үйлеспейтін жалған шешім.) Қолға түсken Кебек пен Еңлікті өзі тергейді, өлімге өз қолынан береді, олардың бесіктегі жас баласын далага тастап кетеді. Хикая авторы Қенгіrbай Қалқаманға да шарасыздықтан емес, саналы түрде қатал билік қылды деп біледі. Сонымен қатар, Қенгіrbай жалғыз болмағаны, басқа билердің де оны қолдағаны байқалады. Билер тек ұнамсыз кейіпте ғана көрініп қоймайды, авторлық көзқарас тұргысынан тұпа-тура айыпталады: «Осындай үш кісіні бір жерде өлтірсе де билер түзеле қоймапты, бірақ өздерін халық сүймейтінін біліпті. Оларды неғып сүйсін, адамға еркіменен ешнэрсе істепеген соң, аяғын олай-бұлай бастыр-маған соң».

Ата қазак: «Елге бай құт емес, би құт», – деп еді. Ескі заманда ата-тегіне емес, асыл жетесіне қарай, мал байлығы үшін емес, парасат байлығы үшін халықтың өзі сайлап отырған билер – ру ұйтқысы, мемлекет тірегі қызметін атқарады. Тарихта оған қаншама мысал бар: Сутемген, Әнет, Төле, Тайкелтір, Қазыбек, Әйтеке... Қазақ дербестікten айрылғаннан соңғы дәүірдегі, патша өкіметінің нұсқауымен бекітілген билердің жөні бөлек (қызметі тұрғысынан алғанда бұлар хүкімші би емес, дау-дамай тарқатар қазы, біздің бүгінгі тілімізben айтқанда сот қана). Әдде сол жалпош, жебір билердің әсері ме, әлде еткен замандағы белгілі

бір адам – Кенгіrbайға байланысты жұрт арасындағы әңгіме салқыны ма, – көне дәуірден бірталай үлгілі сыпат тапқан хикая авторының айтуынша сол кездегі келенсіз жайттардың барлығы да билердің кінәсінен болып шығады.

Ал поэмалар авторы Шәкерім қазақтың ескі құні туралы тым биіктен сөйлейтін, ежелгі салт-дәстүрлердің көбін «надандыққа», «тағылыққа» телитін. Бірақ ақынның билерге көзқарасы басқаша. Кенгіrbай тек ел мұддесін ойлайды, «қара қазан, сары баланың қамы» үшін, «малға тойын, жайлы қоныс» үшін күреседі, қанша қайысса да, трагедияға тоқауыл бола алмайды. Арыдағы Әнест Бабаң, Кенгіrbай-Қабекеннен бастап, берідегі Құнанбайға дейінгі шонжарлар жөніндегі тегіс ұнамды пікір айттып өткен Шәкерім атақты би, аруақты ағайын тұрасында қатаң сөзге баруы мүмкін емес.

Хикаяның көркемдеу жүйесіне келсек, бұл ретте де Шәкерімге жат сыпattyтар молынан кездеседі. Жоғарыда ескерткеніміздей, образ табиғаты, кейіпкерлердің іс-әрекетіне байланысты қайшылықтарды сөз етпей-ақ қояйық. Кез келген қаламгердің өзінің әуелгі шығармасын қайта қаруы, өзгертуі, жетілдіруі мүмкін дедік. Әйткенмен, кейбір детальдарға назар аудармай болмас. Соның бірі портрет болса, бірі – жанды пейзаж.

Хикаядың Еңлік портретіне зер салайық. Еңлікті Нысан Абыздың елес арқылы көріп суреттеуі: «Ұзын бойлы, ақ кийкей, шашы қарғаның қанатындағы қара, мандайы жазық, көзі қара һәм өткір...» Кебектің көзбен көріп түйсінуі: «...қалыпсыз сұлу қызы ұшыраса кетеді, бұрын көрген рәуішлі болып. Әбден есі кеткеннен амандасуға мұршасы келменті. Атының жалына қонып, бұрынғы бақсының айтқандары көніліне тегіс келді дейді. Сол қыздың барша сыпattyтары айтқандай болып көрінді дейді». Ал поэмадағы Еңлік «биік қабак, сұрлау қызы» ғана. Кебектің сұлулығымен емес, мінезімен, қылышымен баурағандай. Бұл арада тек поэмалары ғана емес, басқа шығармаларында да Шәкерімнің дәйекті портретке көніл бөле қоймайтынын, ал Абай алғашқы өлендерінен бастап-ақ жанды портрет жасауға мән бергенін ескерте кеткен артық болмас. Әуелгі дәйекті портреттің мұлде мансұқ етіліп, жалғыз-ақ штрихпен алмасуы, екі Еңліктің өзара ұқсамауы кездейсоқ емес. Жалпы, хикаядың сәтті сурет, ұтымды

көріністердің поэмада мүлде назардан қақас қалуы – әдепкі жағдай. Мәселен, Нысан Абыз – «тұсі суық, қарт кісі». Поэмада абыздың нақты жас мөлшері, түр-түсі туралы сөз жоқ. Тек бал ашқан сәті ғана бейнеленеді. Бал ашу эпизоды хикаяда да бар. Екі көрініс те өте әсерлі, шебер жазылған. Ортақ сыпат – бақсының болашақты болжауы, жас батырды қатерден сақтандыру десек те, бұл екі сурет бірін-бірі қайталамайды. Хикаядың бедерлі деталь, мінездік айшықтардың ешқайсысы да поэмаға енбей қалған. Керінше, поэмада хикаядың көркемдеу тәсілдерінен аулақтауға тырысуышылық байқалады.

Хикаяда Кебектің Нысан Абыз балынан соңғы көніл толғанысы батыс прозасына тән үлгіде, табиғат суретімен астас берілген: «Айтқандарынан ешбір қорықпай, жай үйіне қайтыпты. Сол уақытта әр түрлі ой түсіп, көнілі босап, ақырын ілбіп отырды дейді. Сонда Кебектің көніліндегі қасірет кетіп, көкірегі ашылғандай болды дейді. Маңайына қараса, биік жартас, қалың орман-ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлак дейді. Сонда Кебек батыр ойлады дейді: «Менің ғұмырым да осы дуниемен бірдей-ау, – деп. – Мына жартас болса, бір қалыппен тұратын дүние; самсып тұрған орман өткен ғұмырға ұқсас, ағып жатқан су өтіп бара жатқан өмір ғой», – деп. Жастықта адам ой ойлаушы болады той». Ал қыздың өзімен кездескен кезінде абыз сөзі есіне түссе де, өлім туралы мүлде ойламайды.

Поэмада Кебек қатал тағдыр туралы болжам шымбайына батқанмен, «жынның сөзін» қолма-қол ұмытып кетеді. Енлікпен алғаш кездескен сәтінде де ойына ештеңе оралмайды. Тек ертеңіне, қызбен тағдыры қосақталған соң, абыз айтқан қара жартасты көргенде ғана бәрі есіне түседі; қатты толқығанмен, тез бекінеді. Бұл арада қара жартас – шартты белгі ғана; құз кейіпі немесе өзен, тогай рені – ешқандай жанды бояу жоқ. Бұл занды да. Шәкерім – табиғат суретіне зер салмаған қаламгер, «Жолсыз жазада» ғана емес, бүкіл Шәкерім творчествосында пейзаждың кейір элементтері ғана ұшырасады. Бұл – бүкіл классикалық шығыс поэзиясына тән сырпат. Ал батыс пен шығысты тел емген, бейнелеу тәсілдерінде орыс және Еуропа классикасын үлгі тұтқан

Абай казақ әдебиетіне (бүкіл шығыс поэзиясына) пейзаждық лириканы енгізген бірінші суреткер болып табылады.

Өрнектеу, бедерлеу, дәйектеу (детализация) жағы да осы сыпатта. Поэмада Кебектің анға шығуы жалпылама ақтар арқылы беріледі, ал бүркіттің тұлкіге қалай түскені мүлде айтылмайды. Ал хикаяда бұл көрініс батыс прозасының дәстүрінде тәптіштеп суреттелген.

Әлбетте, тақырыптас екі туындының бірі – проза, бірі поэзия үлгісінде. Сөзбе-сөз, нақпа-нақ келуі мүмкін емес. Бірақ өз жазғанынан өзі қашқан, әуелгі әдемі суреттерді біржола мансұқ етіп, жаңа өрнек іздеген кім бар екен?!

Енді Шәкерім прозасының үлгілерін қарастыралық. Ірікten ілмес үшін кез келген шығармасының басқы сөйлемдерін-ақ алайық.

#### «Әділ – Мәрия»:

«Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сыйыпқырандарды да қолынан жөнелттін. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болады, жүргегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті»...

#### «Ұждан»:

«Қытай патшалығы – ең ескі патшалық. Отырықшы өмірге ерте түскен қауым. Ескі заманда қытайлар ракатты өмірде болған...»

#### «Үш сауал»:

«Бір патша: «Үш түрлі нәрсені құні бұрын білген адам бақытты болар еді, – деп, соны тауып берген кісіге көп сый беремін», – деп жариялапты...»

«Бәйшешек бақшасы» топтамасындағы әңгімелердің бастамалары:

«Атақты Атымтай жомарт алғашқы кезде бір жұмада өңкей билгіш шешендерді қонақ қылып, келер жұмада жастарды қонақ қылып, ендігі жұмада қаріп-қасерлерді қонақ қылады екен...»

«Откен заманда Мекке, Мәдинеге Құжаж деген адам патша болған. Елге мейірімсіз, қатты жүректігінен «Құжаж залым» атанған...»

«Арабтың бір патшасына бір уәзірі Ләйлі мен Мәжнүннің жайын әңгіме қылышты...»

«Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылған-диктан, ешкім алмай, аяғында екі көзіне ақ түскен бір соқырға беріпті...»

«Бір адам қайыр сұрап, көп ақша жиып, әбден байыса да, қайыр жиган әдетін қоймапты...»

Бойлай оқысак, өзіндік сыртасы бар өрелі қолтаңба көреміз, Абай әсері, шығыс әсері байқалады. Бірақ өткен үлгіден гәрі бүгінгі қалышпқа бейім. Бастауыш пен баяндауыш өз орнында, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар тиесілі жерінде. Қазіргі қалыштасқан проза машиғына жат, бірден көзге ұрар айрым белгілер байқалмайды.

Енді хикаяны қайыра оқылық. Сөйлем құрылымдарының қалышты жоба, үйреншік үлгіден мүлде бөтендігі бірден танылады. Одағай бітім, тосын тіркес, ерекше жүйе. Үстірт көзге (турасын айтсак, дүмше білгіштерге) сауатсыз болмаған қүннің өзінде, тым анайы, кедір-бұдыр, кібіртік көрінуі де мүмкін. Бірақ мұның бәрі машиқты қолтанба, ежелгі дестүр жемісі, тек біз ұмытқан, мүлде дерлік қолданудан шыққан өзгеше стилистика. Жоғарыда біз ой ретіне, сөз орайына байланысты келтірген (яғни стильдік тұрғыдан іріктелмеген) мысалдарға зер салыныз. Хикаяның кез келген тұсына ежелей үнілініз. Өз толқыны, өз қисыны бар, табиғи да байыпты, әсем құрылымдар.

Хикаяның басынан түсейік.

«Осы мысал бұрынғы уақыттан қалған. Қазақтың кәрі шалдары бұрынғы өткен уақыттарын айтып отырады, өздерінің ата-бабаларынан қалған сөздерін...» Хикая дәл осы қалпында қазіргі баспасөздің тегершігін ұстап отырған редактор – тәжірибелі журналистің, тәп-тәуір жазушының алдынан өтті дейік. «Түзеліп», «өндөлген» соң мына қалышпқа түспек: «Бұл – бұрынғы уақыттан қалған мысал. Қазақтың кәрі шалдары бұрынғы өткен уақыттарын, өздерінің ата-бабаларынан қалған сөздерін айтып отырады...» Бәрі дұрыс. Бірақ бұла сөйлемдер өзінің қан-сөлінен айрылып, жансыз кепке түсті.

Ары қарай сүзіп оқыңыз, аттамалап түсініз, әр жеріне көз салыңыз. Өзгеше күрмеу, қызығылтықты конструкция.

«Енді бұрынғыны айтып отырған қарттар байқай ма екен, бұрын күннің жылы болатыны – сол замандағы орман-ағаштың көптігінен екенін. Осы күнде сондағы ағаш тауларда аз, қырып бітірісіпті».

«Осы күнде қырда бұрынғыдай орманды, жақсы жерлер жоқ, тым болмаса жолаушы сапар шегіп талғанда, тұра қалып көніл көтергендей. Сондай жақсы еш нәрсе қалмаса да білініп түр, бұрынғы қалған сымтастарға, қорғандарға қарағанда баяғыда бұдалаларда тұру жаман болмағаны. Бұларды байқамаған адамдар біле коя ма һәм көнілдеріне ала ма!»

«Сонда Кебек көнілін көтеруге бұркіт алыш шықты дейді. Даңада аулап жүрсе де һеш тұлқі жолықпады дейді. Сейтіп отырып матаі тайпасы мекен ететін Хан тауына шейін барды дейді.»

«Сонда Кебектің мойнына арқан тағып, аттың құйрығына байлап өлтірді дейді. ...Сонан соң бұл бейшараны да еріндей қылып өлтіріп, сүйектерін қазулы тұрган бір орга тастай беріп, сөйлесіп қойғандай тұс-тұсина жөнелді дейді. Жас балаға ешкім қарамай тастанап кетті дейді, бесігімен. О да сол жерде жылап өлсө керек».

Қазіргі проза түгілі, XX ғасырдың бас кезіндегі қара сөз үлгілеріне мүлде үйлеспейтін құрылым. Біршама машықты прозашы Шәкерімнің көркем туындыларында, тарихи, философиялық еңбектерінің ешқайсысында бұл тұрпаттас стилистика атымен ұшыраспайды.

Орта ғасырларда, «Қиссас-ұл-энбия» мен «Бабыр-нама» кезінде қалыптасқан, кейінгі ұрпақтары мүлде ұмытқан ежелгі түрік прозасын зерделей оқып, бойына сінірген Абай, ұлттық фольклордағы, халық тіліндегі көркем машық, қалыпты үлгілерді пайдалана отырып, жаңа казақ әдебиетіне өзгеше жазу мәнерін әкелген еді. Қайталап айтайық, Абай стилистикасы – көне түрік өрнегін ұлғі тұта отыра, халық әдебиетінің, ділмар шешендердің, әңгімеші, ертегішілердің сейлеу машығынан табиғи нәр алған өзгеше құрылым. Кейін Мұхтар Әуезов дамытқан, қазіргі кейір

жазушылар қолданып та жүрген, ой ағымына, сөз әуеніне орай түзілетін, кітаби жасандылықтан ада, осы тақыледтес сөйлем жүйесі Абай «Ғақылияларының» кез келген бетінен ұшырасады.

«Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екек болса, дау төртеу болады», – деп» («Үшінші сөз»).

«Өтірік, көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдекашан дайындалып қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін» (Сонда).

«Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетүғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын» («Төртінші сөз»).

«Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде, әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алан болмай өлуге» («Тоғызынышы сөз»). «Пәндерде бір іс бар жалығу деген» («Жиырмасынышы сөз»).

«Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, иісін біліп ішіп-жесін деп» («Жиырма жетінші сөз»).

«Жүрттың бәрі біледі өлетүғынын, және өлім үнемі картайтып келмейтүғынын, бір алғанды қайта жібермейтүғынын» («Отыз төртінші сөз»).

«Адамның адамшылығы істі бастаганынан білінеді, қалайша бітіргенінен емес» («Отыз жетінші сөз»).

«Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда, білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?» («Отыз алтынышы сөз»).

«Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзben көріп, ақылмен біліп» («Қырық бесінші сөз»). «Дала уәләятының газетінде» жарияланған хикая мен Абай прозасының стильдік бірлігіне ондаған, жүздеген мысал келтіруге болар еді. Ал ой туыстығына келсек, жалғас, үндес толғам, түйіндер де біршама. Хикаяда қазақ халқының өткен күндердегі тұрмыс-жайы, мінез-құлқы, заманның жанаруына сай өзгерістер жайында кейде туралап, кейде тұспалдал біраз айтылған. Сонымен қатар, автор сөз ұшығын кейінге қалдырады. Хикаядағы осы мәнзілдес түйін-

дердің біразын Абайдың «Фақлияларынан» ұшыратамыз. Әрине, хикаяның тікелей жалғасы емес, бірақ езегі бір, ойы ортақ, әр кезде жазылған қарайлас, қабаттас, үстеме байламдар. Бұл арада қазактың еркін замандағы әдет-тұрпры мен кейінгі кезеңдегі мінез-құлқы салғастырыла байыпталған «Отыз тоғызыншы сөзге», халықтың тіршілік кебі туралы кенес қозгайтын. Үшінші, Сегізінші, Он бірінші, Жиырма алтыншы, Отызыншы, Қырық екінші «Сөздерге» сілтеме жасауға болады (Көне заман суреті, қазактың өткендегі ігі мінез, абзал қасиеттері, рухының биіктігі, ән-күйінің әсемдігі, кейінгі ұрпақ дәстүрлі салт, ұлттық мінездерден айырыла бастағаны туралы толғамдар Абай поэзиясында да молынан кездеседі).

Бажайлай тексерсек, үйлестік, ұқсастық қана емес, нақпа-нақ қайталау фактілері де ұшырасады еken.

«Дала уәләятының газетінде» басылған хикаяда Шыңғыстау өнірінің ескі тарихы туралы мынадай деректер келтіріліпті:

«Бұрын өткен атақты Темучин хан Көр ханды қаратып, жолы болып келе жатып, Шыңғыстауға жақын бір жерге тоқтады дейді... Қазақтар сол Темучин ханға бағынған он екінші халық еken, бұжакта қарамаған ешкім қалмайды. Сонда Темучиннің көңіліне: «Бүтін дүниені аласын, Шыңғыс хан деп аталасын», – деген пайғамбардың сөзі түсіп, өзіне жаңадан ат қоюға ойлапты. Сонда ханға қараған он екі халықтан бір-бір жақсы кісі шығып, Хан тауының басына бір-бір када орнатып, соған ақ шатыр құрды дейді. Сол он екі кісінің бірі Майқы еді. Темучинді ақ кигізге көтеріп, таудың басындағы шатырға алып келді дейді... Осыдан соң сол хан көтерген жер Хан тауы атанип, маңайындағы ауылдар Шыңғыс атанды дейді...»

Енді Абайдың өз атында тұрған, барлық жинақтарына еніп жүрген «Біраз сөз қазактың қайдан шыққаны туралы» жазбасына үнілейік:

«Қашан маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазактар құтты босынға барыпты. Бірақ қай жерге барғаны мағлұм емес, сойтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заны бойынша «Хан» деген

үлкен биіктің басында, ақ кигізге Шыңғысты отырғызып, хан көтерген дейді. Тауының Шыңғыс аталып, биігі Хан аталмақ себебі де сол болса керек. Сол он екі кісінің бірі – қазақтан Майқы би деген кісі екен... Әуелде Көр ханды өлтіріп үйғыр жұртын алышты...»

Бұл арада артық түсініктің қажеті болмас.

«Дала уәллятының газетінде» басылған хикая: «Біз де шалдардың айтқаның қостайық: қазақ ішінде бәрі де өзгеріп кетті – мінездері де, жер-суы да. Жақсы болды ма, жаман болды ма – ендігі жазғанымыздан көрінер», – деген сөздермен тәмамдалады.

Ұлы ойшыл бұл тараптағы толғамдарын баспасөзге жібере қойды деген пікірден аулақпыз. Абай және сол замандағы баспасөз – бізде әлі тексерілмеген мәселе. Кітап шығару қазақ арасында қалыптасқан іске айналған кезде, ниет еткен екінің бірі өлендерін бастырып, ежелгі аңыз, жырлар ел арасына мындаған данамен таралып жатқан кезде ұлы ақыннымыздың баспа ісінен шеттеп қалуы – мән-мағынасы мол, терең сырлы, әрі арнайы сез етуге тұрарлық мәселе. Бұл арада аталмыш хикаядан соңғы, қазақ арасындағы өзгерістер туралы жазбаның жарияға шықпай, тіпті, межелі мұратына жетпей тоқтауы туралы ғана айтпақпыз. Оған да себеп көп. Ең бастысы – ұлы ақынның жаңа заманға өзгеше көзқарасы. Біз бұл мәселенің де бір ғана жағын алғып, онда да тым жайдақтап түсіндіріп жүрміз. Абайдың өкімет тарапынан қатаң бақылау астында болғанын, еш жерде кітап шығармай-ақ, үндемес цензурадан ғұмыр бойы жапа шеккенін ескермейміз. Абайдың барлық қолжазба мұрасы патша охранкасының ақын аулындағы 1903 жылғы ойраны кезінде қаттауға түскені күмәнсіз. Дәл осы оқиғаның Абай өмірін қысқартқаны, оның күрт шөгіп, тез қартайып, ажалынан бұрын өлуіне себеп болғаны тағы анық. Тәуба, көптеген көшірмелер қалды, бірақ ұлы ақынның өз қолымен таңбаланған түпнұсқа диуанда тағы нелер болғанын кім біледі? Ол – тұманға батқан іс, одан соңғы заманда қаншама апат келді – сақталды ма, сақталса кім қайдан ізdemek – әйтеуір үмітімізді үзбейік. Қолда бардың өзі өлшеусіз қазына. Абай – қазіргі қалпының өзінде толық. Қөлемі көбейгеннен бағасы

өзгермейді. Әйткенмен біз осы мақала арқылы ұшан дарияның шетке шашыраған бір тамшысы өз арнасына қайтып оралса дедік.

Осы орайда, реті келген соң айта кетейік, «Дала уәләятының газетінде» 1895 жылы басылған, Абайға қатысы болуы мүмкін тағы бір әнгіме – «Тәкаппар әскер басы турасынан» – ұлы ақынға тиесілі мұра емес деген пікірге тоқтадық. Рас, бұл әнгіменің түп тамыры Абай «Ескендіріне» барып тіреледі. Бірақ сол поэманды естіген екінші бір адамның қолынан шыққан олақ мазмұндау демекпіз. Әнгімеде Абайға тән, керек десеніз, атакты поэманды сөзбе-сөз қайталайтын оралымдар, тіркестер ұшырасқанымен, жазу мәдениеті жетілмеген қалам таңбасы айқын көрініп тұр. Бұл, тіпті, Абай қолынан шыққан әнгіменің бүлдірілген редакциясы да емес. Поэмамен үстірт таныстық нәтижесінде туған әдепкі әпсана. Мұндай жаңғырықтың тағы бір көрінісі – Еңлік-Кебек трагедиясын екінші қайтара, бас кейіпкерлерінің есімдерін өзгертіп, өте олақ баяндаған, сол «Дала уәләятының газетінде» жарық көрген «Қазақ турасынан хикая». Аталмыш екі нұсқа да Абай шығармаларының әр түрлі жолмен ел арасына таралып, халық санасына әсер етуінін өзіндік куәлары болып табылады.

Сөз сонында 1892 жылы «Дала уәләятының газетінде» басылған «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты хикая ешқандай даусыз, Абайға ғана тиесілі шығарма екенін қайталап айтқымыз келеді. Сонымен қатар, бұл жабайы акпар, қарадүрсін мақала емес, бас-аяғы бүтін, артық-ауыс мүшесі жоқ, машиқты, шебер прозашының қолынан шыққан, ұлы Абай атына лайық туынды екеніне куәлік береміз. Хикаяның көркемдік ерекшеліктері, бейнелеу тәсілдері, стилистикалық сипаты – бүкіл болмыс-бітімі туралы тұтас бір зерттеу жазып шығуға болар еді.

Еңдігі кезектегі мәселе – хикаяны текстологиялық түрғыдан қайта қарап шығу. Әнгіменің «Дала уәләятының газеті» атты жинақтағы соңғы басылымы мулде қанағаттанғысыз дөрежеде. Абай прозасының өзгеше құрылымын байыптамағандықтан, сөйлем мен сөйлем араласып кеткен, сөз жүйесі бұзылып, мазмұнға нұқсан келген. Жаңсақ оқылған, кате басылған сөздер де көп. Бұл ретте «Жұлдыздарғы» басылымға жүгінуге болар еді.

Бірақ мұнда да әріп қателері, түсіп қалған сөздер ұшырасады. Керек десеңіз, тұпнұсқа есепті, газеттегі басылымда да әдепкі емле, тыныс және басқа сыпаттағы қателермен катар, редактор қаламының ұшы тиген, яғни көпе-көрнеу бүлінген тұстар байқалады. «Көш жүре түзеледі» дегенмен жұз жыл өтіпті. Қалған шаруанды екінші жұз жылдыққа жіберуге болмас.

Ең бастысы – Абай қолынан шыққан, әдебиет тарихы үшін, рухани-мәдени қазынамыз үшін айрықша мәнді туындының көлөңкеде қалмауы. Ендігі жерде ұлы ақынның жинағы жана әңгімемен толыққаны ләзім.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жынын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Егерубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.